

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 198 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 6 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5812 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданылу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5331 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 15 қарашада N 11 жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N

250 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5536 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір қаулыларына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қызметін реттеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 90 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5693 тіркелген) енгізілген өзгерістерімен толықтыруларымен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықта:

1-тармақта:

екінші абзацта "430 (төрт жүз отыз) миллион" деген цифрлар мен сөздер "1 100 000 000 (бір миллиард жүз миллион)" деген цифрлар мен сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "670 (алты жүз жетпіс) миллион" деген цифрлар мен сөздер "1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион)" деген цифрлар мен сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "450 (төрт жүз елу) миллион" деген цифрлар мен сөздер "1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион)" деген цифрлар мен сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "690 (алты жүз тоқсан) миллион" деген цифрлар мен сөздер "1 300 000 000 (бір миллиард үш жүз миллион)" деген цифрлар мен сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "530 (бес жүз отыз) миллион" деген цифрлар мен сөздер "1 000 000 000 (бір миллиард)" деген цифрлар мен сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "800 (сегіз жүз) миллион" деген цифрлар мен сөздер "1 600 000 000 (бір миллиард алты жүз миллион)" деген цифрлар мен сөздермен ауыстырылсын;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған кепілдік беру қорының барынша төмен мөлшері мынадай шамалардан төмен болмауы тиіс:

2010 жылғы 1 сәуірге дейін:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 350 000 000 (үш жүз елу миллион) теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге;

Заңның 6-бабының 3-тармағының 9) - 15) тармақшаларында көрсетілген ерікті сақтандыру нысанындағы сыныптар бойынша және міндетті сақтандыру нысанының кез-келген түрі бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 450 000 000 (төрт жүз елу миллион) теңге;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымдары үшін - 450 000 000 (төрт жүз елу миллион) теңге;

2010 жылғы 1 сәуірден бастап:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 420 000 000 (төрт жүз жиырма миллион) теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 650 000 000 (алты жүз елу миллион) теңге;

Заңның 6-бабының 3-тармағының 9) - 15) тармақшаларында көрсетілген ерікті сақтандыру нысанындағы сыныптар бойынша және міндетті сақтандыру нысанының кез-келген түрі бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 590 000 000 (бес жүз тоқсан миллион) теңге;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымдары үшін - 540 000 000 (бес жүз қырық миллион) теңге;

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 850 000 000 (сегіз жүз елу миллион) теңге;

Заңның 6-бабының 3-тармағының 9)-15) тармақшаларында көрсетілген ерікті сақтандыру нысанындағы сыныптар бойынша және міндетті сақтандыру нысанының кез-келген түрі бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 760 000 000 (жеті жүз алпыс миллион) теңге;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымдары үшін - 650 000 000 (алты жүз елу миллион) теңге;

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап:

"жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 600 000 000 (алты жүз миллион) теңге;

"өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 1 100 000 000 (бір миллиард жүз миллион) теңге;

Заңның 6-бабының 3-тармағының 9)-15) тармақшаларында көрсетілген ерікті сақтандыру нысанындағы сыныптар бойынша және міндетті сақтандыру нысанының кез-келген түрі бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 1 000 000 000 (бір миллиард) теңге;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымдары үшін - 780 000 000 (жеті жүз сексен миллион) теңге.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. "Жалпы сақтандыру" саласында "ипотекалық сақтандыру" сыныбы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін кепілдік беру қорының мөлшері мынадай шамалардан кем болмауы тиіс:

2010 жылғы 1 сәуірге дейін - 900 000 000 (тоғыз жүз миллион) теңге;

2010 жылғы 1 сәуірден бастап – 1 080 000 000 (бір миллиард сексен миллион) теңге;

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 300 000 000 (бір миллиард үш жүз миллион) теңге;

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге.";

35-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері немесе оларға сәйкес келетін, осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасында көрсетілген рейтингтер пайдаланылады.";

36-тармақта:

3) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен "kzB+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар;"

4) тармақшада ", сондай-ақ мемлекеттің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздары" деген сөздер алынып тасталсын;

6) тармақшасының төртінші абзацында "рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздары" санатына жатқызылған" деген сөздер алынып тасталсын;

41-тармақта:

2-1) тармақшада "шет мемлекеттердің орталық үкіметтері" деген сөздер "шетел мемлекетінің орталық үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-2) тармақшада "тізбесі осы Нұсқаулықтың 37-тармағында белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарының" деген сөздер "осы Нұсқаулықтың 37-тармағында белгіленген тізбеге кіретін халықаралық қаржы ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-қосымшада:

кестенің атауында "қаржылық сенімділік рейтингін" деген сөздер "рейтингтік бағасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-бағанындағы "қаржылық сенімділік рейтингі" деген сөздер "рейтингтік бағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-қосымшада:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапа және өтімділік жіктелімдерін ескергендегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебі" кестесінде:

реттік нөмірі 2.3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

2.3	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен "kzB+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде)	11123	100%
-----	--	-------	------

";

реттік нөмірі 3-жолындағы ", сондай-ақ мемлекеттің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздары" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 5.4-жолындағы "рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздары" санатына жатқызылған" деген сөздер алынып тасталсын;

"Бағалы қағаздарға жиынтық орналастыру (кері РЕПО операцияларын қоса алғанда), екінші деңгейдегі бір банктегі және қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (НД1) банктің аффилиирленген тұлғаларындағы салымдары мен ақшасы қайта сақтандыру активтерін шегергендегі активтерінің он пайызынан аспайды" екінші кестеде:

реттік нөмірі 3-жолындағы "шет мемлекеттердің орталық үкіметтері" деген сөздер "шетел мемлекетінің орталық үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы "Тізбесі осы Нұсқаулықтың 37-тармағында белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарының" деген сөздер "Осы Нұсқаулықтың 37-тармағында белгіленген тізбеге кіретін халықаралық қаржы ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-қосымшада:

реттік нөмірі 8082, 8083, 8084, 8085, 8085-1, 8085-2-жолдарында "қаржылық сенімділік рейтингі" деген сөздер "рейтингтік бағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 8090-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

8090	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен "kzB+"-ке дейін рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар
------	---

";

реттік нөмірі 8091-жолдағы ", сондай-ақ мемлекеттің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздары" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 8097-жолдағы "рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздары" санатына жатқызылған" деген сөздер алынып тасталсын;

6-қосымшада:

реттік нөмірі 2.3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

2.3	күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі "Standard & Poor's" халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен "kzB+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар – баланстық құнының 100 % көлемінде (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде)	100 %
-----	---	-------

";

реттік нөмірі 3-жолда ", сондай-ақ баланстық құнның 100% көлеміндегі мемлекеттің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар" деген сөздер "- баланстық құнының 100% көлемінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4.1-жолмен толықтырылсын:

"

4.1	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар - (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде)	100%
-----	--	------

";

реттік нөмірі 5.4-жолындағы "рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар" деген санатқа жатқызылған" деген сөздер алынып тасталсын;

осы қаулының қосымшасына сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының 1-тармағының қырық екінші және қырық үшінші абзацтарының қолданылуы 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін таралады.

4. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің

мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2009 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі "Сақтандыруды қадағалау" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйенің жетілдіруін қамтамасыз етсін.

6. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2009 жылғы 28 тамыздағы N 198
қаулысына қосымша
"Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының пруденциалдық
нормативтер есебінің нормативтік
мәні мен әдістемесі, пруденциалдық
нормативтердің орындалғандығы
жөніндегі есепті беру нысандары
мен мерзімі туралы Нұсқаулыққа
7-қосымша

Ұзақ мерзімді рейтингтердің салыстырмалы кестесі

N	Standard & Poor's	Moody's Investors Service	Fitch
1.	AAA	Aaa	AAA
2.	AA+	Aa1	AA+
3.	AA	Aa2	AA
4.	AA-	Aa3	AA-
5.	A+	A1	A+
6.	A	A2	A
7.	A-	A3	A-
8.	BBB+	Baa1	BBB+
9.	BBB	Baa2	BBB
10.	BBB-	Baa3	BBB-
11.	BB+	Ba1	BB+
12.	BB	Ba2	BB
13.	BB-	Ba3	BB-
14.	B+	B1	B+,

15.	В	В2	В
16.	В-	В3	В-

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК